

МЫ ВИДИМ БОЛЬШИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ЭКСПОРТА ЛОКОМОТИВОВ И ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ОБОРУДОВАНИЯ В СОСЕДНИЕ СТРАНЫ. НАШЕ ПРОИЗВОДСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ В КАЗАХСТАНЕ ПОЛНОСТЬЮ ГОТОВО УДОВЛЕТВОРИТЬ ПОТРЕБНОСТИ РЕГИОНА И ВЫЙТИ НА БОЛЕЕ ШИРОКИЙ РЫНОК.



Жером БОЙЕ,
управляющий директор Alstom в Западной и Центральной Азии



№8 (3047)
04/02/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

«СОЛТҮСТІК-ОҢТҮСТІК» ДӘЛІЗІ ДАМЫТЫЛАДЫ

Алматыда «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Иран темір жолы, «Ресей темір жолы» ААҚ және «Туркмендемиреллары» агенттігінің өкілдері бас қосқан екі күндік жиын өтті. Онда Қазақстан аумағы, соның ішінде Болашақ шекаралық станциясы арқылы жүк тасымалдау нәтижелері сөз болды. Өткен жылы аталған бағыт бойынша жүк тасымалдау көлемі 1,6 млн тоннаны құраған. Кездесуде сонымен қатар Солтүстік-Оңтүстік халықаралық көлік дәлізінің тартымдылығын арттыру мәселесіне назар аударылды.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Алматы

Отырыста Қазақстан, Ресей, Түрікменстан аумағы арқылы және Иранның Бендер-Аббас портына дейін жүк тасымалдау үшін қолайлы тариф шарттарын белгілеу мәселесі қарастырылды. Сонымен қатар Солтүстік-Оңтүстік дәлізін дамыту үшін Қазақстан мен Ресей жүк тасымалы үшін жаңа жолдар салу мәселесі сөз болды.

Көлік министрі Марат Қарабаев Қазақстан мен Ресей үкімет басшыларының екіжақты кездесуінің қорытындысы бойынша көлік саласының қарқынды дамуы және транзиттік дәліздер мен инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды бастамалар туралы айтты. Екі елде белсенді дамып келе жатқан Солтүстік-Оңтүстік бағыты Беларусь пен Ресейді Қазақстанмен байланыстырады, содан кейін Түрікменстан арқылы Оңтүстік Кавказға жол ашады. Ақтау және Құрық порттарының мүмкіндіктерін кеңейте отырып, ресейлік экспорттаушылар үшін қолайлы жағдай жасалуда. Осы ретте Ресейдің Махачкала портында да тереңдету жоспарлары талқыланды.

Сондай-ақ министр Қытай, Ресей және Қазақстан арасындағы транзиттік ағындарды дамытудағы маңызды қадам болатын Қытаймен шекарадағы жаңа үшінші теміржол өткізу пункті жобасының перспективаларын атап өтті.

«Өткізу бекеттері бойынша бірлескен жұ-



мысты атап өтпеске болмайды. Біз биыл алты өткізу пунктінде жаңғыртуды бастаймыз. Бұл әрине олардың өткізу мүмкіндігін 2 есеге немесе одан да көпке арттырады. Біз Қазақстан Республикасының аумағында да, Ресей Федерациясының аумағында да бір мезгілде жаңғырту үшін жұмысты қатар жүргізуді талқыладық. Осы кезеңде бекеттер жабылмай, белгілі бір қалыпта жұмыс істей алатындай етіп жұмыс істеу тетігін

әзірлеу талқыланды», – деп түйіндеді сөзін Марат Қарабаев.

Жиын қорытындысында тараптар аталған бағдар бойынша жүк тасымалын арттыруға және алдағы уақытта өзара ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендерін жеткізді. Соңында қол жеткізілген уағдаластық туралы хаттамаға қол қойылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СТРОИТЕЛЬСТВО ХАБА В АКТАУ



В порту Актау идет строительство современного контейнерного хаба, который увеличит пропускную способность порта до 240 тысяч ДФЭ в год.

В морской гавани уже завершена очистка территории площадью 24 гектара, на объект доставлено более 313 тысяч тонн грунта. Работы по вертикальной планировке выполнены на 65%. Более 100 единиц специальной техники и работа в две смены по 12 часов позволяют обеспечивать полный контроль и динамику строительства.

Также в порту планируются дноуглубительные работы, которые повысят его терминальную мощность, сделают более эффективным для контейнерных перевозок, улучшат инфраструктуру порта для роста перевалки железнодорожных грузов и повысят потенциал морских перевозок.

Аналитики отмечают, что местоположение контейнерного хаба вдоль ТМТМ, который становится одним из важнейших звеньев Евразийской транспортной системы, позволит еще больше увеличить привлекательность маршрута и нарастить объемы транзитных перевозок. Отметим, Казахстан уже состоялся как транзитный хаб. За три года контейнерные транзитные перевозки выросли на 30%, с 1 миллиона ДФЭ в 2021 году до 1,3 миллиона по оценке за 2024 год. Грузоперевозки по ТМТМ выросли за прошедший год в 30 раз.

Асель ШАЙХЫНОВА

ИЗМЕНЕНИЯ ПО ПЛАНУ



Изменения в план научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ (НИОКР) на 2025 год внесли на совещании уполномоченных представителей железнодорожных администраций в Москве.

В работе совещания приняли участие представители железнодорожных администраций 12 стран, включая Казахстан, а также Дирекции Совета по железнодорожному транспорту государств – участников Содружества, Информационно-вычислительного центра железнодорожных администраций и исполнителей работ Плана НИОКР.

Участники согласовали изменения в План НИОКР-2024 и План НИОКР-2025 в связи с переносом двух работ на 2025 год, а также поправки в Положение по организации планирования, финансирования, выполнения и приемки работ, направленных на научно-техническое развитие железнодорожного транспорта. К 82-му заседанию поручено представить на утверждение совета согласованные изменения в Положение по НИОКР с вводом в действие с 1 января 2026 года

Роман ЛЮБИМОВ

Перевозки

ОБЕСПЕЧИЛИ ТЕПЛОМ

Порядка 54 миллионов тонн угля доставлено по сети АО «НК «ҚТЖ» для казахстанских потребителей с начала подготовки к отопительному сезону.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана

Работа по обеспечению ТЭЦ и населения твердым топливом всегда ведется заблаговременно. Так, с мая прошлого года железнодорожным транспортом в регионы Казахстана доставлено 53,9 миллиона тонн угля. Из этого объема более 47,8 миллиона тонн перевезено для ТЭЦ, еще более 6,1 миллиона тонн – для коммунально-бытового сектора.

Важно отметить, что на всех ТЭЦ республики запасы угля превышают нормативные показатели. Сегодня они составляют порядка 4,6 миллиона тонн, что на 10% больше по сравнению

с предыдущим периодом. Потребность коммунально-бытового сектора составляет 8,2 миллиона тонн угля, при этом на угольных тупиках на сегодняшний день уже накоплено более 480 тысяч тонн.

Для эффективной координации перевозок угля в ҚТЖ действует круглосуточный штаб, который тесно взаимодействует с Министерством промышленности и инфраструктурного развития РК. Совещания с участием местных исполнительных органов проводятся ежедневно. По их информации, среди населения нет ажиотажа в вопросах обеспечения углем.

АО «НК «ҚТЖ» полностью выполняет все заявки грузоотправителей, обеспе-



чивая бесперебойную транспортировку угля. Кроме того, в распоряжении есть запас порожних полувагонов на 3-4 суток вперед. Компания продолжает работать над стабильной доставкой угля и призывает угольных операторов и грузоотправителей более оперативно подавать заявки на транспортировку, чтобы избежать задержек и обеспечить бесперебойное снабжение углем.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ҚАРМЕН КҮРЕС ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Теміржолшылар табиғаттың тосын мінезімен бетпе-бет келуде. Қазіргі күндері шығыста «қыс шілдесінің» соңғы күндері өтіп жатыр. Қарлы боранның соңын ала аяз күшіне мініп, әсіресе жол шаруашылығы мамандары үшін сынақ күшейіп тұр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Айта кетерлігі, Семей өңірінде соңғы тәуліктерде бір айлық нормадағы қар жауды. Мамандардың сөзіне сүйенсек, 30-31 қаңтар күндері аймақта 10,5 ммден асатын қар жауыпты, ал бір айлық норма 11,4 мм құрайды. Ал 1 қаңтардан бастап бүгінге дейін жауған қар – 25,1 мм. Кей аймақтарда желі бойына 1 метрге жуықтайтын қар түскен.

Қазіргі таңда әсіресе станциялық жолдарды қардан тазалау шаралары қарқынды. Сонымен қатар станциялық жолдар бойынша қар шығару жұмыстары жалғасуда. Әсіресе тораптық жүк станцияларындағы іс-шараларға бірінші кезекте мән берілуде.

Қыс басталғалы бері қозғалыс жиілігі аса жоғары Семей және Жаңа-Семей станцияларын қоса алғанда қала ішінен 30 мың текше метрге жуықтайтын көлемде қар шығарылыпты. Бұл ретте негізінен жол машиналары пайдаланылуда.



– Басты мақсат – жүк және жолаушылар пойыздарын кідіртпеу. Бұл ретте жолдарды тазалау жұмыстары түнгі мезгілде де жүргізілуде. Мәселен, тек Семей станциясының басында ғана бір түнде екі машина жұмыс істеп, 500 текше метрден астам қар қала шетіне шығарылды.

Соңымен қатар, сол аязбен жылы күндер кезек алмасып, оның үстіне қалың қар тепеп тұрғандықтан бағыттамалы бұрмаларға мұз қату жиілеген. Сондықтан да жүк станциялары басында пневмоүрлегіш тоқтаусыз жұмыс істеп тұр десе де



болады, – дейді ПЧ-39 мекемесінің бас инженері Мырзабек Керейбаев.

Айтуынша, бүгінгі таңда НЖС-6 бөлімшесі бойынша байтақ желі бойында пневмоауырлегіштердің 366 бірлігі қалыпты жұмыс істеп тұр.

Тауу күндері бөлімшеге қарасты станцияларда жылдағы дәстүрге сай көлемді түрдегі қар сенбіліктерін өткізу жоспарланып отыр. Оған желі бойындағы барлық теміржолшылар, кеңсе қызметкерлері де жұмылдырылмақ. Бұл орайдағы басты мақсат – көктемгі мезгілдегі еріген қар

суынан болатын қауіпті азайту. Оның аясында бөлімшеге қарасты 440 көпір, 368 құбыр мен 181 шақырым арық, 1216 км су арналарын қардан тазарту жұмыстары басталмақ.

– Жуырда облыс әкімінің төрағалығымен өткізілген жиынға қатыстық. Көктемгі су тасқынына даярлық шаралары пысықталды. Бұл ретте ұлттық компания басшылығының арнайы бұйрығын күтіп отырмыз. Оның аясында нақты шаралар қабылданатын болады. Жылда атқарып жүрген жұмыс. Тек биылғы жылы өңірімізге түскен қардың мөлшерден көп болуы себепті ерекше басымдық берілетін болады, – дейді бұл орайда НЖС-6 басшысы Айдын Шәукежанов.

Ал қазіргі күндері бөлімше көлеміндегі пойыздар қозғалысы штаттық режимде жүргізіліп жатыр. Қалааралық автобус қатынасы тоқтап тұрғандықтан әсіресе Семей, Шар, Жанғызтөбе, Аягөз теміржол вокзалдарында жолаушылар нөпірінің әдеттегіден тыс, біршама артқаны байқалады.

Өткен тәулікте Семей ЖТ бөлімшесі басшысы Алмас Сейсемқанов желі бойынша аралап, қармен күрес шараларын жеке бақылап қайтты.

Жалпы, жергілікті теміржолшылар қауымы жұмыла жұмыс жүргізіп, қысқы маусымды тосын оқиғаларсыз өткізуде.

Суреттерді түсірген автор



Мұнар АЙТЖАНОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Біріктірілген жоспарлау дирекциясы» филиалының менеджері:

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ ӨСУІ ЕКІЖАҚТЫ ҢНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЫҒАЙЫМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ «БІР ЖОЛ, БІР БЕЛДЕУ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСАДЫ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ КАСПИЙ ТЕҢІЗІ АРҚЫЛЫ ЕУРОПА МЕН ТАЯУ ШЫҒЫСТЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ТХКБ БОЙЫНША ТАСЫМАЛДЫҢ ӨСУІ БАЙҚАЛДЫ. ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ САЛАСЫНДА ТЕМІР ЖОЛ ЖӘНЕ ТЕРМИНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚАТАРЫНАН ДАМУҒА МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. БҮЛ ЖЫЛ САЙЫН ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІН СЕНІМДІ ТҮРДЕ АРТТЫРУҒА МҰМКІНДІК БЕРЕДІ.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ
437,1 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ В МИНУВШЕМ ГОДУ.

ДЛЯ ПОДГОТОВКИ ПЕРСОНАЛА В ҚТЖ В 2024 ГОДУ ПРОВЕДЕНО БОЛЕЕ

4 тысяч

ПОЖАРНО-ТАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ.

БОЛЕЕ

10 тысяч

НЕСООТВЕТСТВИЙ ВЫЯВИЛ РЕВИЗОРСКИЙ АППАРАТ ПО АКМОЛИНСКОМУ УЧАСТКУ В 2024 ГОДУ.

ҮЗДІК ДЕФЕКТОСКОП МАМАНЫ АНЫҚТАЛДЫ

Ислам ТАЛФАТ,
Астана



Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Астанада өткен «Қазақстан Республикасының үздік дефектоскописті» байқауына қатысуға еліміздің түкпір-түкпірінен сапаны бақылау саласына қызмет көрсететін 300 маман тілек білдірді.



Алайда екінші турға олардың арасынан іріктеліп шыққан 64 маман ғана өтті. Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде теориялық, яғни стандарттар мен әдістемелерге қатысты білім тексерісе, екінші кезеңде жабдықтарды пайдалана отырып, міндеттерді орындауға қатысты практикалық біліктілікке көңіл бөлінді.

Екі күндік жарыста қатысушылар технологиялық жабдықтармен жұмыс істеу шеберлігін паш етіп, қысқа уақыт ішінде күрделі тапсырмаларды сапалы орындауға тырысты. Мамандықтың маңыздылығы мен сапа стандарттарын арттыруға арналған байқау дефектоскопистер үшін ең алдымен тәжірибе алмасу алаңы болды.


Теміржол саласынан байқауға қатысқан «Қамқор Вагон» ЖШС мамандары жоғары деңгейдегі шеберлік, терең білім, әртүрлі салалардағы қауіпсіздік пен сенімділікті дамытуға қосқан үлестерін көрсете білді. Олардың қатарында Алматы-1 станциясы ВДШ дефектоскопистері Жандос Дюсебаев, Айдар Аққасқанов, Ерхат Закиров, сонымен қатар Қазалы вагон жөндеу депосынан Қанат Қайратов, Павлодар ВЖД-дан Айсулу Балташева және Шалқар ВЖД-дан Роман Кәрібаев сынды серіктестіктің бетке ұстар үздіктері компания намысын қорғады.

Байқауға қатысушыларға 100 000 теңге көлемінде жыл соңына дейін жарамды білім жетілдіру сертификаттары мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Ал «Қамқор Вагон» ЖШС басшылығы мен кәсіподағы қатысушыларын біржолғы ақшалай сыйақымен бірге алғыс хатпен марапаттады.

Суретті түсірген автор

ӨНДІРІСТІК САБАҚҚА ҚАТЫСАДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Шалқар көпсалалы колледжі дуалды оқыту жүйесі бойынша теміржол мекемелерімен келісімшартқа отырды.



Енді аймақтағы Шалқар электрмен жабдықтау дистанциясы, «Қамқор локомотив» ЖШС, Ақтөбе локомотив пайдалану депосы, Шалқар сервистік орталығы, «Қамқор Вагон» ЖШС және Шалқар вагон жөндеу депосының қызметкерлері білім ордасындағы өндірістік сабақтарға қатысып, болашақ теміржолшылардың білім-білігін арттыруға атсалысатын болады.

Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталып отыр. Колледж базасында теміржол мамандықтары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі бар. Бірлестікте теміржол мамандықтарына арналған Мемлекеттік білім беру стандарттары, ережелер, әдістемелік нұсқаулықтар әзірленген.

– Шалқар көпсалалы колледжі дуалды білім беру жүйесі аясында теміржол мекемелерімен серіктес болды. Шалқар ауданындағы техникалық және кәсіптік білім беру саласында теміржолшылар өндірістік педагог ретінде шақырылды. Білім ордасындағы студенттер теміржол мекемелеріндегі жұмыс процесімен танысып, ішкі жұмыстарға қатыса алады, – дейді Шалқар электрмен жабдықтау дистанциясының өндірістік оқыту шебері Ергазы Сергазин.

Шалқар көпсалалы колледжінде бүгінде 250-ден астам студент білім алууда. Олардың негізгі құрамын Шалқар қаласының жергілікті тұрғындары мен ауылдық елді мекендерден келген студенттер құрайды. Оның ішінде Ақтөбе облысы Ойыл ауданынан келген бірнеше жас тепловоз машинистің көмекшісі мамандығын игеруде.

Суретті түсірген автор

ТАСЫМАЛ ТАБЫСЫ АРТҚАН



Атырау жүк тасымалы бөлімшесі көліктік логистика жүйесін одан әрі дамытып, жүк тасымалы көлемін арттыру, көлік қызметін пайдаланушылармен тиімді қарым-қатынас жасауды жақсартуға барынша күш салуда. Осы бағытта өңірде өнікті еңбек етіп, қазақ мұнайын еселеп өндіріп-өңдеп жатқан «Теңізшевройл», «Ембімұнайгаз», «НКОК», «Атырау мұнай өңдеу зауыты» сынды ірі кәсіпорындармен қатар, тасымалдаушы «КеденТрансСервис», «ҚазТемірТранс», «ҚазТрансСервис», басқа да мекеме-филиалдармен байланысты нығайта түсуде.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Экономиканың дамуына серпін беретін саланың бірі – әріне көліктік логистика. Бөлімше бастығының логистика жөніндегі орынбасары Бекәділ Сауровтың айтуынша, көліктік логистика жүйесін дамыту ісінде ілгерілеушілік байқалады. 2024 жылдың 12 айында жүк тасымалында қауіпсіздік сақталған, яғни тиеліп жөнелтілген жүктерге қауіп төніп, қатер келтіру жағдайы болмаған. Жүктерді тәуліктік тиеу көлемі Директорлар кеңесімен бекітілген жоспарда 623/227894 вагон болса, нақты тиелгені – 645/236118 вагон. Жоспар 103,9% пайызға орындалып, тәулігіне 22 вагонға артты, ол 2023 жылмен салыстырғанда 105,4% пайызға орындалып, 33 вагонға артқан.

Тасымал ағынын қадағалау барысында Мақат станциясы бойынша коммерциялық ақаулықтармен 68 вагон ағытылған, өйткені олар халықаралық жүк тасымалы келісімінің 3 қосымшасын бұзу арқылы тиелген екен. Мұндай вагондар былтырғы жылмен салыстырғанда 27 вагонға көбейген. Тасымал барысында

апатты жүктер де кездеседі. Былтыр сондай 8 вагон ағытылған. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Атырау бөлімшесі филиалында қауіпті жүктер ағынының алдын алу мақсатында өткен жылғы 28 ақпанда бекітілген арнайы іс-шара әзірленіп, жоспарға сай 53 тексеріс жүргізілген, нәтижесінде 238 вагон ағытылған.

Ал мемлекетаралық вагондар бойынша Ақсарай-2 түйіспесінен 2789 пойыз, 192 791 вагон қабылданып, 2804 пойыз, 185 720 вагон тапсырылған. Сонымен қатар барлығы 268 вагон коммерциялық ақаулықпен қабылданбаған, оның ішінде жүк салмағы сәйкес келмеуі – 124, арбаша айырмашылығы – 62, салмақтан артық болу – 11, пломба сәйкес келмеу – 3, өзге ақаулық – 68. Айта кетерлігі, қазақстандық мамандар, яғни тауар кассирлері, жүк қабылдап-жөнелтушілер, ЭВМ операторлары Ресейге қарасты осы Ақсарай станциясында ауысыммен жұмыс жасайды. Олардың міндеті – транзитті жүктердің құжаттарын өңдеп, тапсыру, ал Қазақстанға өтетін жүктерді қабылдап алу. Ол жұмысшыларға жұмысқа қатынау үшін арнайы бір жолаушылар



вагоны бөлініп отыр, таңертен түсте, кешке әрлі-берлі қызмет орнына баратын және ауысымнан шыққан жұмысшыларды бір тепловоз тасымалдайды.

Бүгінде Атырау өңірі өндірісті аймақ болып отырғаны рас. Бірнеше индустриалды-инновациялық жоба жүзеге асырылып жатыр, олардың аймақта көлік логистикасын дамытуға әсері мол. Мәселен, Біріктірілген Газ-химиялық кешен. Теңіз кенішіден зауытқа газ жеткізу үшін тәулігіне 60 цистерна мен 20 тонналық 70 контейнер және 40 фитинглік платформа қажет. Екіншіден, Атырау мұнай өңдеу зауыты жаңа өнім – параксилол шығарады, оны Ресей мен Белоруссияға жөнелту үшін тәулігіне 20 футтық 110 контейнер қажет. Атырау мұнай өңдеу зауыты қай-

та жаңартудан өткеннен кейін бензол, автобензин, дизотын, реактивті отын шығару көлемін арттыруына орай Ақжайық станциясы арқылы жылына 50 мыңдай ашық түсті цистерналар пайдаланылады. Содан соң Қашаған кен орны жұмысына байланысты Қарабатан станциясынан 60 жартылай вагондар мен 40 футтық контейнерлер экспортқа жіберіледі. Жалпы айтқанда, аймақта темір жол арқылы тасымал тасқыны алда да арта түспек, себебі мұнай өнімінің көлемі ұлғаяды. Ал былтырғы жылы бөлімше бойынша тасымалдаудың негізгі қызметінен түскен табыс 77 млрд 675 млн 501 мың 976 теңгені құраған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 20,9% артық.

Суретті түсірген автор

БӨЛІМШЕ ІРГЕСІНДЕГІ БЕКЕТ



Белкөл – облыс орталығының іргесіндегі өндірістік станция. Қызылорда ЖТ бөлімшесіндегі маңызды бекеттердің бірі. Өткен жылы өндірістік жұмыстардың жоспарлы көрсеткішін артығымен орындауға қол жеткізген белкөлдiктер пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қатаң сақтап, апатты жағдай тіркелмеген.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Станция бастығының орынбасары Ғабит Тлеубаев мәлімдегендей, өткен жылы өндірістік жұмыс көрсеткіштері 104 пен 123 пайыз аралығында орындалып, жолаушы және жүк тасымалы, пойыздарды уақытты қабылдап-жөнелту, вагондарды тиеу мен түсіру секілді негізгі өндірістік бағыттар бойынша жоғары деңгейде жүргізілген. Жүк және коммерциялық жұмыстары бойынша жарамсыздық жағдайы тіркелмеген. Өндірістік жұмыс кезінде вагонның кешіктірілуі, транзитті вагондардағы қауіпті жүктің зақымданып, пойыз құрамынан ағытылу жағдайы да орын алмаған.

– Өткен жылы 550 вагонға 33 606 тонна



жүк тиеліп, 10 035 вагоннан 602 100 тонна жүк түсірілді. 2023 жылдың межесінен әлдеқайда артық. Жүк тасымалы, тиеп-түсіру, өндірістік кешіктерде вагонның зақымдануы мен кешіктірілуіне жол берілмей, қауіпсіздік көрсеткіштері жоғары деңгейде орындалды. Бұл жетістіктер станция қызметкерлерінің

кәсібилігі мен жауапкершілігінің нәтижесі болып табылады. Мәселен, парк кезекшілері Мақсат Сейтов, Әлібек Тәжібаев пен Жасулан Аппықалықов, пойыз құрастырушылар Қанат Нұрымбетов пен Сағындық Айтмырзаев, тасымал құжаттарын өңдеу операторлары Альтынай Бектауова мен Бауыржан Бедеров, аға тауар кассирі Жанар Сахиева өндірістік жұмыстардың сапалы орындалуына бауымдық беріп, өз үлестерін қосып жүрген тәжірибелі теміржолшылар, – дейді өріптестерінің мерейін үстем етуге асыққан станция бастығының орынбасары.

Бүгінде қатал қыс маусымында еңбек етіп жатқан станция теміржолшылары маусымдық киімдермен түгел қамтылған, әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге кедергілер жоқ.

Суретті түсірген автор

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАЛАР НӘТИЖЕСІ



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ нысандары мен жылжымалы құрамдарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету былтыр айтарлықтай азайған. Алдыңғы жылы 80 оқиға тіркелсе, былтыр ол 51-ге дейін азайған немесе 36%-ға төмендеген.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Таратып айтар болсақ, 51 өрттің тек 19-ы «ҚТЖ» ҰК» АҚ және еншілес ұйымдардың объектілері мен жылжымалы құрамында орын алып, 19 жағдайда Төтенше жағдайлар департаментіне көмек көрсетілген, ал 13 жағдайда өрт басқа ұйымдар еншісіне тіркелген.

– Объектілердің өрт қауіптілігі тәуекелін бағаладық. Соған орай профилактикалық жұмыстар жүргіздік. Бұл өз нәтижесін берді. Оған дәлел ретінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері және еншілес ұйымдарында өрт оқиғаларын 49%-ға дейін, оның ішінде «Жүк тасымалы» ЖШС бойынша 83%-ға, ал Магистральдық желі дирекциясы бойынша 47%-ға дейін төмендету мүмкін болғанын атау едім. Өткен жылы өрт-техникалық тексеру барысында 23 мыңнан астам бұзушылық анықталды, өрт қаупі бар нысандарға қатысты 1965 ескертпе берілді. Сонымен қатар 17 мыңнан астам адамды қамти отырып, өрт-техникалық

минимум бағдарламасы бойынша 4 мыңнан астам адамды қамти отырып, 8 мыңнан астам нұсқама өткізілді, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет тобының жетекшісі Бақытжан Ділімбетов.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында Компания 2024 жылғы өрт қауіпті кезеңге дайындық бойынша ҚР ТЖМ БАҚ, Астана қаласы әкімдігінің ТЖ комиссиясының, ТЖМ қауіпті жүктердің ағысы бойынша отырыстарына қатысқан.

Өңірлік деңгейде әкімдіктермен, ТЖД және шаруа қожалықтарымен 233 дөңгелек үстел, кеңестер, сондай-ақ тілсіз жауды тұншықтыруға қатысты әртүрлі 270 астам оқу-жаттығуы өткізілген. Бұдан бөлек бұқаралық ақпарат құралдарында өртті сөндіруге және жаттығуларға қатысты мақалалар жарияланып, әкімдіктерге, шаруа қожалықтарына, полиция және ТЖД желілік бөлімдеріне 380 хат жолданған және де профилактикалық іс-шаралары бар 263 аншлаптар мен плакаттар шығарылған.

2024 жылы ТЖД бөлімшелерімен 112

объект тексеріліп, 700 астам бұзушылық анықталған, жалпы сомасы 5,9 млн теңгеге 8 әкімшілік айыппұл салынып, 4 тыйым салу шарасы қолданылған және 1 ескерту берілген.

– Компаниядағы объектілердің өртке қарсы жай-күйін бағалаудың сапалық деңгейін арттыру мақсатында Теміржол көлігі объектілерінің өрт қауіпсіздігі саласында тексерулер жүргізу кезінде қолданылатын тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын есептеу әдістемесі әзірленіп, бекітілді. 2024 жылы ҚТЖ-ның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының объектілері мен жылжымалы құрамын өртке қарсы қорғауға арналған іс-шаралар жүзеге асырылды. ҚТЖ және ЕҰ құрылымдық бөлімшелерінің өңірлік және желілік деңгейлері басшыларының өрт қаупі бар аймақтағы объектілерге қатысты қабылданып жатқан шаралары – өрттен қорғау, өртке қарсы жер жырту іс-шараларының жоспарларын орындау қорытындысы бойынша өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт пойыздарының қызметін регламенттейтін нормативтік және жергілікті актілерді өзектендіру, жолаушылар пойыздарының техникалық вагондарын өртке қарсы қорғау жөніндегі АУПТ-тарды локомотивтерде ауыстыру жайттары тыңдалды. Біз өрт оқиғаларын азайту бағытындағы іс-шараларды бийл да жалғастыратын боламыз. Өрт қауіпсіздігі саласындағы әдістемені жетілдіретін боламыз, – деп түйіндеді сөзін Бақытжан Ділімбетов.

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ



ЦИФРОВИЗАЦИЯ

Цифровые полигоны для тестирования и внедрения лучших разработок для железной дороги на основе искусственного интеллекта создаст АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Айлин БАУРЖАН,
Алматы

На Международном форуме Digital Almaty 2025 вице-президент IDC Андрей Беклемишев на сессии «Глобальная коалиция по AI: Вектор партнерства и развития» поделился глобальными трендами на рынке искусственного интеллекта. По данным IDC, глобальный объем затрат на ИИ растет в среднем более чем на 30% в год, при этом рынок GenAI в прошлом году более чем удвоился. IDC ожидает, что общий объем глобальных затрат на технологии ИИ к 2028 году составит более 620 миллиардов долларов.

Андрей Беклемишев рассказал о некоторых примерах успешного применения ИИ в Казахстане, отметив инициативу «Қазақстан темір жолы» о создании цифровых полигонов. Они станут ключевыми площадками, где IT-компании, университеты и технопарки смогут не только разработать различные компоненты искусственного интеллекта, но и проверить свои решения на практике, адаптируя их к реальным условиям работы железнодорожного транспорта. Приоритет будет отдан казахстанским разработчикам, что будет способствовать развитию отечественных технологий и



цифровой независимости.

По мнению директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Мурата Ахметова, «в рамках поставленных Главой государства задач открытие цифровых полигонов позволит ускорить внедрение искусственного интеллекта в производственные процессы».

– Сегодня в «Қазақстан темір жолы» ведется активная работа по цифровизации, использованию передовых технологий, способствующих безопасности и эффективности транспортной инфраструктуры

страны, – отметил он.

Так, в пилотном режиме в компании внедряют голосовой помощник, который облегчит и ускорит работу сотрудников компании. Это своего рода виртуальный консультант, который поможет железнодорожникам оперативно получить ответы на разные вопросы. Ноу-хау уже тестируют в некоторых ключевых подразделениях. Функционал умной системы опробовали на практике и по достоинству оценили осматривающие вагоны, монтеры пути и другие специалисты.

– Мобильное приложение «Интеллектуальный помощник ҚТЖ» очень удобно использовать в работе, так как к ряду основных имеющихся знаний он является вспомогательным при уточнении нюансов. Очень быстро и верно выдает информацию в кратком виде, – отмечает дорожный мастер Астанинской дистанции пути АО «НК «ҚТЖ» Диас Ибраев.

Голосовой помощник будет помогать не только специалистам, но и производственным сотрудникам на линии, которых порядка 105 тысяч человек.

– По Коллективному договору либо по каким-то локальным актам в области оплаты труда сотрудник может задать любой вопрос, голосовой помощник будет помогать ему отвечать на эти вопросы. Умный помощник постоянно будет обновляться и улучшаться, – подчеркнул HR бизнес-партнер АО «НК «ҚТЖ» Асель Актау.

После введения в промышленную эксплуатацию проекта ожидается экономия рабочего времени сотрудников и минимизация рисков в области безопасности на железной дороге.

Безопасность

СОЗДАНИЕ НАДЕЖНОЙ СРЕДЫ

В Достыкском эксплуатационном вагонном депо вопросам безопасности уделяется особое внимание.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Достык

Регулярно проводятся мероприятия по профилактике производственных рисков, инструктажи по технике безопасности и проверка соблюдения установленных норм. Внедряются современные технологии и методы управления безопасностью труда.

– Особое внимание уделяется обучению персонала, совершенствованию системы контроля к вопросам безопасности. Это позволяет снизить уровень производственных рисков и обеспечить высокую надежность работы депо, – отмечает начальник Достыкского эксплуатационного вагонного депо Бирлик Джакпиев.

Если говорить об эксплуатационных показателях, то в минувшем году к техническому осмотру было предъявлено 52 820



пассажирских и грузовых поездов, дано погрузку 177 197 вагонов, за аналогичный период 2023 года – 146 335 вагонов. Подготовлено с УЗОТ-РМ 11 874 поезда.

В Достыкском эксплуатационном вагонном депо находится два цеха текущего отцепочного ремонта. Так, в ушедшем году отцеплено 4 958, отремонтировано 2 930 вагонов, сдано 10 643 поезда, принято 10 522 поезда.

Только за истекший год проконтролировано 169 099 поездов против 146 509 за 2023 год. Остановлено 123 поезда, из них из-за грения буксового узла – 98, торможения – 23, волочения – 2. Общее время задержки составило 31 час 51 минуту.

Одной из ключевых мер, направленных

на поддержание высокого качества работы, являются регулярные комиссионные осмотры с участием представителей смежных структур. Эти проверки позволяют своевременно выявлять и устранять возможные недостатки, обеспечивая надлежащую подготовку поездов к отправлению. Особое внимание уделяется состоянию автотормозного оборудования, от которого зависит безопасность эксплуатации подвижного состава.

Как считает руководство депо, подобный комплексный подход к контролю и профилактическим мероприятиям гарантирует бесперебойную и безопасную работу вагонов на маршрутах.

Фото автора

ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ



ИНФРАСТРУКТУРА

После открытия движения поездов по второму пути на участке Балхаш-1 – Мойынты внедрены обновления, способствующие планомерному развитию станций.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Так, на станциях Кокдомбак, Сарыкум, Буйрек введена в эксплуатацию система МПЦ-QZ – микропроцессорная централизация стрелок и светофоров с интегрированными функциями автоматической блокировки (АБ), автоматической локомотивной сигнализации (АЛСО), автоматической сигнализации железнодорожных переездов (АПС), линейного пункта диспетчерской сигнализации (ДП), полуавтоматической блокировки (ПАБ). Кроме того, система ЦАБ АПСО на участке Балхаш-1 – Мойынты переведена в постоянную эксплуатацию. Как правило, она применяется на однопутных и двухпутных линиях при любом виде тяги поездов. При этом устройства имеют свои особенности – тональные рельсовые цепи, отсутствие проходных



светофоров на перегоне, размещение аппаратуры централизованно и примыкание к перегону. Преимущественным средством регулирования движения поездов является автоматическая локомотивная сигнализация в кабине машиниста.

По словам начальника станции Мойынты Рамазана Бугенова, также обновлены системы сигнализации и управления, и, соответственно безопасность

движения повысилась в разы. – Что касается восстановительных мероприятий на станции Мойынты, то уже выполнены строительные-монтажные работы. В частности, восстановлены железнодорожные пути № 21 протяженностью 1 025 и № 20 протяженностью 1 000 метров. Кроме того, на станции произведена укладка пяти стрелочных переводов, которые были включены в электрическую



централизацию, выполнено 99% земляных работ.

Также закончены работы по приведению в нормативное техническое состояние устройств контактной сети на этих путях на участке длиной 2,8 километра. Все эти меры значительно повысили функциональность северного парка и пропускную способность станции.


На сегодняшний день станции Сарыкум, Буйрек, Кокдомбак переведены на резервное управление.

Все вышеперечисленные мероприятия направлены на улучшение технического состояния путевого хозяйства, что, в свою очередь, способствует безопасности и стабильности движения поездов. Этот стратегически важный проект увеличит пропускную способность в пять раз.

Фото автора

ГЛАВНОЕ – ЗАКРЕПИТЬ НА ПРАКТИКЕ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ОБУЧЕНИЕ

В Кушмурунской дистанции сигнализации и связи Костанайского отделения магистральной сети прошли практические занятия по вопросам повышения качества технического обучения работников.



Занятия проводились на базе дистанции, где имеются два учебных полигона – СЦБ и КТСМ. В связи с чем в Кушмурунской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-27) по станции Сурган на стрелке № 29 были проведены показательные практические технические занятия с работниками СЦБ с применением видео технических средств и отработкой навыков во время проведения «технологического окна» по замене стрелочных электроприводов на новые электроприводы типа СП-6М.

Цель занятий – повышение технических знаний работников, закрепление практических навыков при выполнении работ по модернизации технических средств.

Участниками были проработаны все циклы технологии замены стрелочного электропривода (технологические карты по замене электроприводов), меры безопасности во время проведения работ, правильность выключения устройств из электрической централизации и включения, правильность оформления записей в специальных журналах.

Организован просмотр видеоматериалов по технологии замены электропривода.

Во время проведения «технологического окна» работниками закреплены практические навыки по замене стрелочного электропривода на новый тип СП-6М.

Фото автора

ОПЯТЬ ПРОГРЕМЯТ ВЗРЫВЫ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



СНЕГБОРЬБА

На перегонах Заводинка – Тургусун и Тургусун – Алтай Кумыстауской дистанции пути 4 февраля организуем контролируемый спуск лавин с гор, вдоль которых идет железнодорожный путь.

По данным начальника Кумыстауской дистанции пути Рината Аралбаева, там накопились большие объемы снежной массы.

– На прошлой неделе мы провели взрывы на трех участках Кумыстауской дистанции пути, – объяснил он. – Это был перегон Заводинка – Тургусун. Кстати, в декабре мы на этом же перегоне также проводили контролируемый спуск лавин, в четырех местах.

Осадков по Кумыстауской дистанции этой зимой выпадает много. Только в одном месте перегона может находиться минимум 600 кубометров снежной массы, а бывает, что собирается до одной тысячи кубометров.

– Когда мы проводим взрывные работы, то весь снег идет на путь. И потом с путей мы его убираем с СДПМ, дальше со СТРУГом обрабатываем, – отметил Ринат Аралбаев.

Очистка от снега путей, перронов, станций и перегонов на железной дороге из-за выпавших обильных осадков в ВКО остается актуальной темой. На ближайшие два дня объявлена вторая очередь по снегоборьбе на станции Оскемен-1. На помощь путейцам, работникам станции придут железнодорожники из других предприятий, а также техника.

МОДЕРНИЗАЦИЯ И РОСТ ОБЪЕМОВ

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана



ПРОЕКТ

В 2025 году запланированный объем перевалки через порт Курык составляет около 2 454 000 тонн.

Также в этом году здесь запланированы проекты по модернизации портовой инфраструктуры, реализация которых позволит ускорить операционные процессы по обработке судов и тем самым нарастит объемы перевалки грузов.

Напомним, за прошедший год через порт Курык перевалено около двух миллионов тонн грузов, причем большая часть от общего объема пришлась на железнодорожные грузы. Так, от общего объема на железнодорожную составляющую пришлось 1 150 600 тонн, автомобильную – 781 300 тонн. Через зерновой терминал перевалено 25 900 тонн. Всего в течение 2024 года в порту обработано 1 957 800 тонн грузов.

Для Казахстана порты Каспийского моря являются стратегически важными объектами логистики. Ведь морские ворота – ключевые звенья Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ), поэтому объемы перевалки грузов здесь постоянно растут.

№8 (3047) 04/02/2025

БІЛІКТІ МАМАН БОЛУ БАҚЫТЫ

Еліміздің логистикалық қуаты жүк және жолаушылар тасымалы қызметін қамтамасыз ететін теміржолдың әлеуетіне қарап бағаланады десек, саланың даму деңгейі білікті мамандарға байланысты екені талас тудырмайды.



«КТЖ» ҰК» АҚ – «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалы директорының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Бейбіт Садықбеков – теміржол саласында он жылдан аса уақыт қана еңбек етсе де басқару-ұйымдастыру ісінде тәжірибелі де білікті маман ретінде танылып, бөлімше жұмысының алға басуына бір кісідей үлесін қосты.

Саладағы жұмысын 2014 жылы Ірілендірілген Жамбыл жол дистанциясында инженер болып бастаған ол кейін Жамбыл ма-

гистральдық желі бөлімшесінде өндірістік бөлімнің жетекші инженері, салық есептеу бөлімінің, қаржыландыру бөлімінің жетекші бухгалтері қызметтерін атқарды. Ал оған дейін Жамбыл технологиялық институтының түлегі Жамбыл автокөлік басқармасында инженер, Жамбыл облысының әкімшілік аймақтық қорының басқарушы-менеджері, ал 2004 жылы Тараз қалалық статистика

бөлімінің бастығы, «Казтранс-сервис Оңтүстік» АҚ Жамбыл филиалында жетекші инженер, бөлім бастығының орынбасары, бөлім бастығы қызметтерін абыроймен атқарған.

Бейбіт Айтбайұлы теміржол саласындағы жауапты қызметтерді атқара отырып, өзінің білімін жетілдіріп, ұйымдастырушылық қабілетін дамытумен қатар шәкірт тәрибеуледе де жетістікке жете білді. Ұзақ жылғы адал еңбегінің нәтижесінде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының «Адал еңбегі үшін» және Жамбыл облысы әкімінің «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталған. Білікті маман болу бақыты осы шығар. Жуырда зейнет жасына жетіп, құрметті еңбек демалысына қадам басқан жанның еңбекпен өрілген өмірі кейінгі жас буын үшін үлгі болуға лайық.

Ардақ ҮСЕЙНОВА, Жамбыл

Еңбек адамы

ҚИЫН ЖЫЛДАР БІЗДІ ШЫҢДАДЫ

Көлік инфрақұрылымын дамытуда маңызды рөл атқаратын жолшы – қиын әрі жауапты мамандық. Жігіттің жігіті шыдайтын осы кәсіпті отыз жылға жуық атқарып келе жатқан Марат Қаскеев бүгінде Астана жол дистанциясында жол бригадирі болып еңбек етеді.



Марат темір жолға табан тіреген алғашқы күннен бастап-ақ жұмыстың қиын да қауіпті әрі жауапкершілігі де зор екенін сезінді. Сол жылдары Астана іргесіндегі Қырқышы станциясында жол жұмысын кілең жастар атқарыпты. Жиырмадағы жастар шаршай ма, ауыртпалықты жұмыла көтеріп, жұмыстың қиындығынан қашпай, аптап ыстық пен үсірік аяздан да қайтпай еңбектенді.

– Сонау 1999-2000 жылдары теміржолшылардың жұмысы оңай болмады. Өйткені ол кезде қазіргідей техника жоқ, технология дамымаған. Шпал-рельстерді қолмен ауыстырамыз. Негізі шпалға «қызмет көрсету» – монтерлардың міндеті. Кіл жастар болғандықтан, осы жұмыстың қиындығын да аса сезінбейміз. Қарап отырсақ, тәжірибе деген де уақытпен, артта қалған жылдармен бірге келеді екен ғой, – дейді ол.

Марат Қуанышбекұлы 2008 жылы Қазақ қатынас жолдары университетіне «теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2012 жылы бітіріп дипломды маман атанған соң да

ізденісін тоқтатпай, жылдар өте жинаған тәжірибесінің арқасында инженер-технолог, одан бригадир дәрежесіне көтерілді.

– Біздің басты міндетіміз – қауіпсіздікке жауап беру. Жолдың сапасы пойыздың жылдамдығына сай болуы керек. 2000 жылдармен салыстырғанда теміржолдың жағдайы жақсы. Қазір ауыр жұмысты техника атқарады. Нағыз игілік деп осыны айт, өйткені біз бәрін қара күш пен жапа қолмен атқарған ауыр да қиын күндерді бастан өткергенбіз. Сол кездерде өз міндетімізді мінсіз атқардық. Қазір сол жылдарды сағына еске аламыз. Өйткені ол қиын күндер бізді шыңдады, өмірде ақшаға да сатып ала алмайтын үлкен тәжірибе берді, – деді биыл жол бойында жүргеніне 28 жыл толатын тәжірибелі маман.

Жасыратыны жоқ, бүгінде жолшы мамандар қатарынан жастарды сирек көреміз. Оған себеп те жоқ емес. Жол салу немесе жөндеу жұмыстары кейде физикалық еңбекті және дала жағдайында жұмыс істеуді талап етеді. Кейде жолшылар алыс аудандарда, ашық далада неме-

се қиын ауа райы жағдайында жұмыс істеуге мәжбүр болады. Сондықтан жастар бұл мамандықты қиынсынады.

– Мүмкін, жастар үшін жолшы болуда еш романтика жоқ шығар. Бірақ жол салу, көлік инфрақұрылымын дамытуға үлес қосу – кім-кімге де мақтанш болса керек. Жол саласында тәжірибе жинаған жастар инженерлік, құрылыс, логистика және көлік салаларына ауыса алады. Жартылай әскери сала болғандықтан, барлық қиындыққа төзіп, не жағдайда да дайын болу адамды шыңдайды, режимге, тәртіпке үйретеді. Сосын әлеуметтік жағы да маңызды емес дей алмаймын, теміржол саласында тұрақтылық, жақсы жалақы бар. Теміржолшы мүддесін жақсы қорғайтын қоғамдық ұйым кәсіподақ, әлеуметтік пакет бар. Осыны жыл темір жолдың бойынан нан тауып, отбасын асырап жүрген жолшы ретінде оңай жерде табыс жоқ дер едім, – деді қоштасарда жолшы жігіт.

Рахман РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

КӘСІПОДАҚ ЖЕТЕКШІСІНЕ ҚҰРМЕТ

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің директоры Батырхан Базарбаев «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметовке қоғамдық бірлестіктің Орталық кеңесінің «Қазақстан теміржолына 120 жыл» мерейтойлық төсбелгісін табыс етті.



Бауыржан Ахметов өзінің ұзақ жылдар бойы адал еңбегімен және теміржолшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қосқан

қомақты үлесімен ерекшеленді. Оның бастамалары мен белсенділігі арқасында Қызылорда өңірінде теміржолшылардың

құқықтары мен мүдделері тиімді қорғалып келеді.

Батырхан Базарбаев Бауыржан Ахметовтің осы еңбегін жоғары бағалап, аймақ теміржолшылары атынан алғыс білдірді.

Кәсіподақ төрағасы өз кезегінде көрсетіліп жатқан ықылас-құрметке ризашылығын білдіріп өтіп, теміржолшылар сенімін ақтау жолында аянбай қызмет ете беретінін жеткізді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор

Вопрос-ответ

В нашей рубрике «Вопрос-ответ» эксперты ООО «Казпрофтранс» отвечают на часто возникающие и актуальные вопросы читателей, разъясняют членам профсоюза их права и обязанности.

? *Мой отец проработал безупречно и непрерывно в сфере железнодорожного транспорта 42 года. За время работы высканчил не имеет, занимал разные должности в путевом хозяйстве. Является железнодорожником во втором поколении и по сей день вносит свой вклад в работу отрасли. Можно представить его к награждению знаком «Почетный железнодорожник»?*

Приказ министра индустрии и инфраструктурного развития РК от 22 мая 2019 года № 320 «Об утверждении Правил награждения работников железнодорожного транспорта знаком профессионального отличия» разработан в соответствии с Законом РК от 8 декабря 2001 года «О железнодорожном транспорте» и определяет порядок награждения работников железнодорожного транспорта нагрудным знаком «Почетный железнодорожник». Представления к награждению знаком «Почетный железнодорожник» регламентируются Правилами морального поощрения в акционерном обществе «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» от 26 декабря 2024 года № 1002-ІІЗ.

Представления к награждению знаком профессионального отличия работников подразделений линейного и регионального уровней направляются по принадлежности в Дирекцию магистральной сети, согласно выделенной квоте.

Кандидатуры рассматриваются кадровым комитетом компании и оформляются протоколом. Протокол направляется в Министерство транспорта РК для включения в приказ.

Необходимо отметить, что ежегодно достойные работники практически всех служб железнодорожного транспорта поощряются высшей наградой железнодорожного транспорта – знаком «Почетный железнодорожник», а также применяются другие виды морального поощрения с выплатой разовой денежной премии.

Хабарландыру/Объявление

«КТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі 2025 жылғы 15 ақпаннан бастап жүктерді тасымалдау кезінде мүқамалдық (жалпы) парк жүк вагондарын пайдаланғаны үшін қызметтер құнының өзгеретіні туралы хабарлайды. Толығырақ ақпарат ktzh-gr.kz сайтында орналастырылған.

Товарищество с ограниченной ответственностью «КТЖ – Грузовые перевозки» уведомляет об изменении стоимости услуг за пользование грузовыми вагонами инвентарного (общего) парка при перевозке грузов с 15 февраля 2025 года. Более подробная информация размещена на сайте: ktzh-gr.kz.

ПРОБЛЕМА С ВОДОЙ РЕШЕНА

На станции Караганозек Карагандинской области работники и жители близлежащего района обеспечены питьевой водой, которая отсутствовала с сентября 2023 года по ноябрь 2024-го.

Жизненно важный ресурс проведен благодаря Карагандинскому филиалу профсоюза и первичной организации профсоюза Карагандинского отделения ГП.

Отсутствие жизневажной влаги было связано с реконструкцией старого водопровода в поселке Федоровка. От жителей населенного пункта поступали обращения к руководству ҚТЖ, связанные с выделением средств для проведения водопровода. Однако в бюджете не были заложены финансы на модернизацию водопровода, к тому же могли затянуться



сроки по решению этого важного вопроса. Между тем необходимо было урегулировать социальные напряжения.

Со слов жителей, сначала воду подавали с 6 часов вечера до 9 часов утра, а с сентября 2023 года одно из благ цивилизации и вовсе отключили.

В конце прошлого года «лед тронулся», и

профсоюзные организации смогли решить этот вопрос.

По словам Караганозек Салтанат Мурзабаевой, теперь рабочие будни железнодорожников вошли в норму, и они больше не думают о том, как справиться с этой надоевшей проблемой. Одним словом, все встало на свои места.

Довольны и жители, проживающие вблизи станции, так как отсутствие воды тормозило нормальное существование людей – стирку вещей, приготовление пищи, соблюдение элементарных норм гигиены.

– Теперь мы можем не волноваться о том, как и где и достать воду, спасибо вам за это, – обратились люди к руководителям профсоюзных структур.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

«JIBEK JOLY» НАУРЫЗДА ЖОЛҒА ШЫҚПАҚ

Быттырдан бері танымалдыққа ие болған «Jibek Joly» туристік пойызы наурызда жолға шығып, оның жолаушылары Наурыз мейрамын Қазақстан мен Өзбекстанда атап өту мүмкіндігіне ие болады.



Үшінші трансшекаралық тур 2025 жылдың 20-25 наурызы аралығына жоспарланған. Бұл жолы теміржол саяхатының бағдарына Тараз қаласы қосылды.

«Алматы – Түркістан – Ташкент – Самарқанд – Тараз – Алматы» бағытындағы халықаралық турдың ұзақтығы 5 күнді құрайды. Саяхатшылар ежелгі қалалардың ерекше атмосферасына еніп, Ұлы Жібек жолының ізімен саяхаттайды және екі елдің көрікті жерлерін аралайды.

Сонымен бірге туристер шығыстың қонақжайлылық атмосферасымен таныса алады. Тур бағдарламасы этноауылдағы мерекелік шараларды қамтиды, атап айтқанда концерттік бағдарлама, ұлттық салт-дәстүрлер және дәстүрлі тағамдардан дәм

тату. Туристердің ыңғайлылығы үшін кәсіби гидтердің сүйемелдеуі, заманауи вагондарда жайлы тұру жағдайлары, тамақтану және экскурсиялар қарастырылған. Туристік пакеттерді туристік агенттіктерден сатып алуға болады.

Халықаралық турды ҚР Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен «Жолаушылар тасымалы» АҚ республикалық «Қазақстан туризм индустриясы» қауымдастығы және «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ ұйымдастырды. Жобаның басты мақсаты – екі ел арасындағы туризмді дамыту, тарихи және мәдени мұралармен танысу арқылы халықтар арасындағы достықты нығайту.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

ВСПЫШКА СПРАВА

Сотрудники Костанайского филиала ТОО «ВЖД» продолжают проводить рейдовые проверки вдоль путей с целью предотвращения несчастных случаев, когда школьники и студенты делают селфи на железнодорожных путях, создавая опасные ситуации.

С наступлением зимы подобные случаи происходят несколько реже, чем в летнее время, тем не менее имеют место отдельные случаи, поскольку снимать себя на камеру и выкладывать фото в социальные сети стало повальным увлечением молодежи, да и не только.

В связи с чем работники мобильных групп оперативного реагирования ТОО «Военизированной железнодорожной охраны» регулярно проводят профилактические рейды. И они, по словам директора филиала ТОО «ВЖД» в городе Костанай Каната Отепова, дают свои плоды: все больше граждан узнают, что на железнодорожных путях им может грозить опасность. – Железнодорожный путь является зоной повышенной опасности, – говорит Канат Отепов. – Так как существует угроза наезда подвижного состава на людей. Поэтому, находясь в местах движения поездов, всегда необходимо соблюдать требования безопасности, несоблюдение которых приводит к тяжким последствиям. Нужно помнить, что железнодорожные пути – это зона повышенной опасности. Люди забывают об этом и могут стать жертвой собственной халатности и невнимательности. Дети забираются на крыши вагонов, чтобы сделать селфи, и попадают под удары высоковольтного напряжения. Родители должны предостерегать их от этого. И переходите железнодорожный путь только по пешеходному переходу, не подлезайте под вагоны для перехода занятого пути, не оставляйте детей без присмотра вблизи железной дороги. Аслан КУДАБАЕВ, Костанай



КАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



КАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі б.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі»
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлары мақаласы мен
жобаның мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айгана Ертэй 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.